

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоаралындағы діни топонимдер	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham's work «The moon and sixpence»	69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде	211

*Д.С. ЖАЛЕЛОВ¹



А.Д. ӨЛТАЙ²



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: daulet.zhalelov1994@mail.ru¹, akzhol777@mail.ru²)

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИЯЛЫҚ МӘН

Аңдатпа. Мақалада Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мәннің көрінісі жан–жақты қарастырылған. Жырау шығармашылығындағы өмір мәнінің түйіні, сағыныш пен өткен ісіне деген өкінішсіз істерінің жиынтығынан құралған. Толғауларында жиі ұшырасатын аңсау, сағыныш, өкінбеу концептілері жыраудың тұлғалық бейнесін сипаттап тұр. Қысқа өмірінің басым бөлігі жаугершілік жорықтармен өткен Доспамбет жыраудың туындыларының басты тақырыбы – ерлік пен елдік жолына бағытталған. Ұрыс даласында кескілескен шайқастарды өткере жүріп, импровизаторлық күш-қуатын да көрсете білген. Поэтикалық қуаты қаһармандық мінезбен ұштасқан Доспамбеттің бізге жеткен туындыларының өзегі, өкінбестен еш қаймықпастан қиындыққа мойымай қарсы тұру. Ерлік пен елдікке жету жолындағы күрес, елді аңсау, өткенге деген өкінішсіз сағыныш – Доспамбет жыраудың өмір сүрудегі ерекшелігі мен өзіне берілген миссияны мүлтіксіз орындай алған ержүрек батыр екенін айқындап тұр.

Мақаланы жазу барысында әдеби талдаулар, салыстыру, поэтикалық талдау әдістері қолданылған. Нәтижесінде Доспамбет толғауларындағы негізгі мән мен мазмұн анықталды. Доспамбет жырау толғауларындағы негізгі ой мен түйін, басқа да жыраулар шығармашылығымен ішкі үндестік салыстыру әдісі арқылы талдау жұмыстары жүргізілген. Аңсау мен өкінбеу ұғымдары басқа ғылым салаларында қалай көрініс беретінін және қазақтың таным түсінігіндегі орны кеңінен талқыланады. Доспамбет жырау толғауларының синкреттілік қырлары кеңінен қарастырылады. Доспамбет жырау шығармашылығындағы негізгі ой-толғамдар әдеби талдаулар негізінде сараланып, ғылыми пікірлер ұсынылады. Доспамбет жыраудың тұлғалық қасиетінің ерекшелігі турасында толғауларындағы мысалдарға назар аударылады.

Түйін сөздер: Доспамбет жырау, аңсау, өкінбеу, толғау, экзистенция, синкреттілік.

Кіріспе. Доспамбет жырау халық поэзиясының қайнар көзі мен түп тамырын жете меңгерген синкретті өнердің иесі. Жырау шығармашылығындағы түйдек ойлар мен көне сарынды жалғыстыратын асқақ бейнелеулер, толғаудың ішкі мазмұнымен сабақтасқан. Жыраулар – хан мен халық арасын байланыстырған, ханға ақыл кеңес беріп, халықтың өн бойында жүрген мәселелерін хандық кеңесте талқылауға және шешуге араласқан. Доспамбет жырау шығармашылығындағы аңсау мен өкінбеу сөздерінің концептіге айналып көрініс беруінде де үлкен мән бар. Жырау бойындағы асыл мұраттардың сабақтасып, толғауда көрініс табуы өзінің басынан кешкен оқиғалары мен сол кездегі қазақ елінің бет–бейнесі жатыр.

Экзистенциализм – адам баласының еркіндігіне жұмыс жасайды. Ж.П. Сартр: «Еріктілік дегеніміз – адамға артылған адамгершіліктің ауыр жүгі» деген пікір ұсынады [1]. Адам өзінің еркіндігін жүрек ісіне жұмсау арқылы ізгілік жолына түспек. Өзі үшін де

басқалар үшін де жауапты болмақ. Яғни, аталмыш ұғымның мәнінде дұрыс өмір сүрудің мәні мен мазмұны жатыр. Біз осы экзистенциялық мәнді Доспамбет жырау толғауларынан іздеп көрмекпіз.

Аңсау – сағыныштың еселенген формасы. Аңсауда ой мен сарылып күту деген ұғым жатыр. Аңсау – сананың болжамға сүйенген көмескі көрінісі, танымның бастапқы сатысы [2, 38]. Аңсаумен мәндес ұғымдар: сағыну мен көксеу, зарығу мен күту сынды сөздермен үндес. Аңсаған жанның ой толғанысы жүректен шығады. Өкінбеу – жасаған іске, сүрген өмірге және өткеніне өкінбеу, уайымдамау деген ұғымда айтылады. Аңсау мен өкінбеудің парқын анықтағанда осындай тұжырымдарды басшылыққа ала аламыз. Доспамбет жырау толғауларындағы сағыныш, аңсау, өкінішсіз ғұмыр концептілері жыраудың тұтас өмірімен астасып жатыр. «Доспамбет өзінің ескі дәуренін, садақ толы сайгез оқты боратып ата, алты құлаш ақ найзаны ұсынып шанша жауын мұқатқан күндерін, Еділдің бойын ен жайлап бейбіт тұрмыс кешкен заманын қимайды» [3, 38]. Сонымен қатар, шет елдік ғалымдар да осы ұғымдар турасында аз айтқан жоқ. Жан-жақтылық танытып, аңсау мен өкінбеу ұғымдарының мәнін әдебиеттану саласы негізінде де қозғап келеді. Шет елдік ғалымдардың бір бөлігі «аңсау» ұғымын мидағы мазасыздықпен сабақтастырады. В. И. Даль пікірінше: «тоска (теснить) – стеснение духа, томление души, мучительная грусть; душевная тревога, беспокойство, боязнь, скука, горе, печаль, нойка сердца, скорбь» [4, 810]. С.И. Ожеговтың сөздігінде берілген анықтамаға сәйкес аңсау, біріншіден, психикалық мазасыздық, көңілсіздік; екіншіден, зерігу, қызықсыз біркелкі қайталанудан пайда болған ұғым [5, 803]. Қазіргі орыс тілінің тарихи-этимологиялық сөздігінде сағыныш – шаршау, қайғы, мазасыздық, көңілсіздік және күштің төмендеуі сипатталатын мазасыз күй ретінде анықталады [6, 253]. М. Хайдеггер аңсау ұғымын «angst» деген сөзбен береді. Қорқыныш, сағыныш сондай-ақ жалғыздық, қамқорлық сынды сөздермен бір негізде қарастырады. Сағыныш – адамның ажырамас қасиеті деген пікірді қуаттайды [7, 116]. Аңсау – еселеніп мақсатқа, нақты мақсат өкінішсіз іске алып келеді. Аңсау ұғымы Доспамбет толғауларының басты мәні мен түпкі мақсаты авторлық ерекшелікпен өріліп, жүйелі түрде көрініс тапқан. Аңсау мен өкінбеу ұғымдарының арғы бастаулары философия ғылымымен де жанасып жатыр.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Доспамбет толғаулары басты назарға алынып, зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен пікір ұсынылды. Атап айтсақ, жыраулар поэзиясын түбегейлі зерттеген М. Мағауин «Қобыз сарыны атты еңбегінде Доспамбет жырау толғауларын жинақтап, талдайды. Жыраудың өмір жолындағы басты кезеңдерді анықтап көрсетеді. Доспамбеттің туған жерінің тарихы мен бізге жеткен мұралары жайлы да өзекті ақпараттарды зерттеу еңбегіне арқау етеді. Зерттеу барысында Доспамбетті жорықшы жырау ретінде көрсетеді. Доспамбет хақында айтылатын әңгімелерді В. Радлов өз жазбаларында ноғай халқынан жазып алғандығын да баяндайды [3, 45]. Сонымен қатар Х. Сүйіншәлиев, Е. Тұрсынов, Қ. Өмірәлиев, С. Қасқабасов сынды зерттеушілер де Доспамбет поэзиясындағы ерекшеліктерді әдеби тұрғыдан талдап, тың тұжырымдар жасайды. Тақырыпты кеңінен ашу барысында методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтсақ, танымдық және поэтикалық тұрғыдан талдау, жинақтау, сипаттама, салыстыру әдестері басшылыққа алынды.

Талқылау мен бақылау. Доспамбет жырау поэзиясы хан мен халықтың арасын байланыстырған және асқақтық пен азаттық ұғымдарын да толғауларына арқау еткен. Доспамбеттің толғаулары бізге толықтай жеткен жоқ. Елдің амандығы мен еңсесінің көтеріліп жүруін ойлаған жыраудың басты позициясы –мақсатты аңсау арқылы тұтас елдің өкінішсіз, уайымсыз өмір сүруіне деген қадам. Қазақтың танымында осы өкінішсіз сөзінің жанында опықсыз ұғымы да қатар жүреді. Өкінішсіз, опықсыз – өкінішті емес, өкінішсіз жоқ, уайымы мен опықсыз деген мағынада айтылады. Доспамбет жырау поэзиясында «аңсау» сөзі бірнеше ұғымда қолданылады.

- Аңсау – халықтың арман тілегі;
- Аңсау – ата-қонысқа деген ердің сағынышы;

- Аңсау – орда мен халықтың біртұтастығын аңсау;
- Аңсау – тұлпар мініп, ту көтерген сәтке сағыныш.

Доспамбет поэзиясындағы өкінішсіз өту ұғымы да өзіндік қырларға тарамдалады. Өкінішсіз өту халық танымында ертеден келе жатқан асыл ұғым. Басы сонау ертегілерден және мифтік сипатпен байланысып жатыр. Доспамбет жырау поэзиясындағы «өкінбеу» тұжырымы Құдайға деген шексіз ризашылықпен сабақтасады.

Аңсау – қазақ танымында ертеден бар ұғым. Аңсаудың арқасында мақсатқа жетеді. Аңсаудың арғы бастауларына Қорқыттың мәңгілік тіршілік ететін мекенді аңсауы ойымызға түрткі бола алады. Асан Қайғының Жерұйықты іздеуінің түпкі мағынасы аңсаудан, сағыныштан туған.

Доспамбет поэзиясындағы «аңсау» ұғымы ерлікті және туған елді сағынумен сабақтасып жатыр. «Айналайын, Ақ Жайық» атты толғауына назар аударайық. Толғауда әсірелеу, риторикалық сұрау және қайталау секілді көркемдегіш құралдары кездеседі. Асқақтық рухты басшылыққа ала отырып, өз толғанысын білдірген жыраудың басты идеясы – өткенді аңсау, сағыну және жоғалғанына қайтадан қол жеткізу. Өз заманында аталмыш толғау арқылы жас толқынның ерік-жігерін ояту.

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?!
Еңсесі биік боз орда
Еңкейе кірер күн қайда [8, 26].

Доспамбет толғауындағы осы тармақтар Ақ Жайыққа деген сағыныштан, аңсаудан туған. Жырау сол арқылы өткен дәуренге деген халықтың арман-тілегін жеткізеді. Ақ Жайық маңындағы халықтың кедергісіз және ешкімнің қас-қабағына қарамай туған жердің топырағын емін-еркін басып, боз ордасының өзіне де жасқанбай кіре алатын кезді аңсайды. «Толғаудың қай тұсын алсаңыз да, мүлтіксіз суреттелген көріністер мен сол көріністерді аңсау сезіміне жолығасыз» [9, 65]. Осы толғаумен сарындас Махамбет Өтемісұлының «Ұлы арман» атты толғауы бар. Доспамбет жырау аңсаған кезеңді, Махамбет те сағынышпен жеткізеді.

Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?!
Орама мылтық тас ұрып,
Жауға аттанар күн қайда [8, 166].

Доспамбеттегі асыл арман сағыныш, Махамбет Өтемісұлының да жүрегінде бұлқынып жатыр. Ту көтеріп, еңсе тіктеген қазақтың заманын аңсайды. Доспамбет пен Махамбеттің өмір сүрген кезеңдері екі бөлек болғанымен, сағыныштары үндес. Доспамбетте:

Кетбұғадай билерден,
Кеңес сұрар күн қайда?! – деген тармақ бар [8, 26]. Махамбетте осы тармақтар өзгеше түрленеді.

Алаштағы жақсыдан

Батасын алып тәм тартып, – деп келеді [8, 166]. Қос шығармашыл тұлғаның арманы – ел іргесін нығайтқан өзінен бұрынғы тұлғалардың заманындай ғұмыр кешу. Ары қарай зерделеп көрсек:

Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?!
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір, күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда [8, 26].

Сол мекеннің барлық байлығы ұлттың төл перзенттері үшін қызмет ететін күнді аңсайды. Бес қаруы сай жүретін ерлердің болмысымен қатар сол халықтың тіршілігі де толғаудан тыс қалмаған. Соның бір көрінісі төменде:

Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп ойнап,
Қымыз ішер күн қайда [8, 26].

Сезімдік сипат орын ала отырып айтылған толғаудың мәні – аңсауда жатыр. Еділдің бойын ертеден мекендеген ата-баба қонысын қайтару арқылы жанға тыныштық орнайтынын да астарлап жеткізеді. Шалғынға бие байлаған сәттің өзі бағалы екендігін түсіндіреді. Түйіні, халықтың туған өлке аясында мамыражай күн кешкен кездерін сағынышпен аңсайды.

«Өкінбеу» концептісі Доспамбет поэзиясында ерекше мәнге ие. Өкінбеудің түп төркінінде батырлық пен асқақтық жатыр. Өз әрекетіне қасқайып тұрып жауап бере алатын өршіл рух жатыр. Доспамбеттің ерлік және елдік турасында қаузалатын толғауларының мәні мен маңызы да Отан үшін жан қиюға даяр тұлғаның болмысының сипаты. «Өкінбеу» ұғымының айрықша көрініс беретін толғаулары: «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Тоғай, тоғай, тоғай су...». Екі толғауда да басты идея, кешкен өміріне және атқарған ісіне риза адамның бейнесі көрініс береді. «Өкінбеу» философиясының басын «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауы турасында тарқатып көрсек.

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес [8, 23],

Жердің ең шұрайлы жерінде тұрып, жылқының ең сұлуын баптап мінген адамның арманы да, өкініші де жоқ деген сөзді айтады. Аттың үстінен түспеген қазақтың болмысын толғаудың өн бойына кіргізеді. Барлық мезгілдің көріністері байқалатын ата қоныстың да биіктігін, қасиетін алғашқы тармақтарда қуаттайды. Жердің қазақ үшін мәңгілік тақырып екендігі де осы тұста байқалады. Аттың үстінде және өз атамекенінде ғұмыр кешкен адамның бәсі де, мысы да өзгеден жоғары болған.

Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес [8, 23],

Бұл жерде көркемдегіш құралдар өз алдына ой мен сөздің байланысы ерекше қиысқан. Бес қаруы сай батырдың сесі де, есі де жауға үрей әкеледі. Бес қаруы сайланып шыққан батырлардың үйіндегі ханшасының ақыл-парасаты да биік болуы керек. Сыртқы бейнесі ғана сымбатты болу «ару» сөзінің толық мағынасын ашпайды. Бұл жерде ішкі парасаттылық алдыңғы қатарда. Бұзды «айсберг» деп алатын болсақ соның көлеміндей болмаса да соған жетерлік сауыт кие алған адам кез келген жанға алдыра қоймасы анық. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауының түйінін Сарыарқаның бойында отанның оғыланы болып, жан алып жан берсе де өкініш емес батырлық деген сөзге тірейді. Доспамбеттің Сарыарқа деп тұрғаны бір жер ғана емес, тұтас елді айтып тұр. Өткеніне деген ризашылық пен батырлық өр кеуде көрініс береді. Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауы да осы сарындас. Өкінбеудің парқын әр тармақта айшықтап, ерекшелік көрсетеді. Толғамалы ақ балта алып, дұшпанының мысын басып, тұлпар мініп жауға аттану, өкініштің емес ерліктің көрсеткіші. Бүгін жанымды алса да өкінішсіз аттанамын деп толғанған Доспамбеттің рухты сөзі толғаудың соңғы бөлігінен анық байқауға болады.

Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын.
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен [8, 27].

Доспамбет жырау танымындағы аңсағанның орындалып, өткеннің өкінішсіз болуы үшін қандай болмақ керек, төмендегідей саралап көрдік:

- Кет-Бұға сынды билердің кеңесін сұрап, парасатты ғұмыр кешу;
- Бабаның жолымен жүріп, тұлпар міну;
- Дәстүрді құрметтеп, бес қару сай болу;
- Алған жарына адал болып, өкінбестей ғұмыр кешу;
- Отан үшін бар кедергіден өгіп, қиындықты еңсеру.

Жырау — халық поэзиясының көрнекті өкілі. Хан мен халық арасын ізгілендіріп, байланыстыратын тұлға. Жыраудың хандық арасында атқаратын қызметі синкретті. Халықтың ой-санасы мен қоғамдық пікірінен толықтай хабары бар кемел адам. Жыраулар белгілі бір дәуірде ғана қалыптаса салған жоқ. Дәуірлер сабақтастығы арқылы жалғасып отырды. Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мән-жайы Доспамбет жыраудың шығармашылығын және сол туындыларын зерттеп талдай отырып, аңсау мен өкінбеу ұғымдарын анықтау болды. Жырау, қолбасшы, баһадүр, батыр сынды атақтардың барлығы бір бойынан табылған. Доспамбет – жорық жыршысы. Кеңесілігімен қатар жорық жыршыларына тән қуат Доспамбет тұлғасының өн бойында кезігеді. Доспамбет жыраудың ақтық демі шығар сәтте айтылған «Озушылар, озмаңыз!» деп аталатын толғауы бар. Ол жерде бордай тозған жанның емес ғұмыр пәлсапасына бойлаған азаматтың асыл арманы баяндалады. Ажалдың өзі жыраудың поэтикалық қуатына бағынып тұрған сынды көрінеді. Қысқа ғұмырдағы соңғы толғауы саналатын өлең мұңайған жанның емес, жарқын болашаққа үміт артқан азаматтың жан толғанысы іспетті. Жыраудың бойындағы сөз бостандығы мен асыл сөзді өзіне бағындыра алған жорық жыршысының болмысы «Озушылар, озмаңыз!» атты өлеңінің Доспамбет өмірінің соңғы тұсымен байланысты. Доспамбеттің отызға да толмаған кезінің соңғы куәгеріндей болып тұрған поэтикалық қуаты осы өлеңнен көрініс тапқан. Қазаны естіртуге бет алған топты тоқтатпақ болған өлеңнің күші мен мәні. Бірақ қазақтың ұлттық танымында ертеден келе жатқан діни түсінік бойынша қазаны естіртуге кеткен топты тоқтатуға болмайтындығын айтады. «Естірту – қаза болған жағдайда айтылатын негізгі жөн-жора «Озушылар» тоқтамайтын райынан қайтпайтын қағиданы ұстанған. Бұл жердегі ер Доспамбеттің соңғы демі үзілгелі жатқан тұста айтылған сөздері, жай қарапайым тіркеспен емес, шымыр ұйқасқа құрылған толғаумен жеткен. «Доспамбет оза шапқан «озушыларды» неге тоқтатпақ болды?» деген сұрақ туындайды. Бұл жерде халықтың көңілі түсіп, жігері жасып қалмауы үшін қаратыла айтылған орамды ой. Тұтас халық Доспамбет жырауға арқа сүйеп отырған сәтте батырдың майданда жазым болғандығы жайында естіген жұрттың қандай жағдайда болатындығын іштей сезеді. Бұл жерден жыраудың бойындағы тағы бір синкреттілік анықталады. Өзінің дәм-тұзы таусылар тұста да өзін емес халқының тағдыры мен жан-күйін ойлаған «жанкештілік» қасиеті. Бұл жердегі жанкештіліктің негізгі мәні мен мағынасы ажал алдындағы қорқынышты жеңіп, азаматтық позициясынан айнымауы. Жанкештілік ұғымы бұл да көптің бойынан кездесе бермейтін синкреттіліктің бірі. Ұлт ертеңі үшін аянбаған азаматтың сол жердегі іс-әрекеті өз импровизаторлық қасиетінің арқасында толғауға айналған.

Озушылар, озмаңыз,
Озсаңыз, бізім бетке бармаңыз!
Бізім бетке барсаңыз,
Есақай, Қосай – екі ұл
Алдыңызға жыр құшақлай
Жылай шықса не айтарсыз ?[8, 27]

«Озушылар» тобын тоқтатпақ болған ер Доспамбеттің жан-күйі баяндалады. Доспамбет өзінің осындай күйде қалғанын ағайын-туысы мен еліне жеткізуге іштей қарсы болған сынды. Есақай (Есей) мен Қосай атты қос перзентінің алдынан шыққан кезде «Озушыларға не деп жауап бересің?» деп тіл қатқан жыраудың толғанысы. Толғаудан жыраудың бойындағы жанкештілік қасиетін байқаймыз. Осы аталмыш қасиет жыраудың бойындағы өткен іске өкінбеу ұғымын аңғартады. Өкініштен бұрын халқының көңілі мен сағынышын бірінші қойып тұрғаны белгілі. Өмірінің соңғы сәтінің өзінде кінәмшіл

не болмаса уайымшыл емес, қаһармандықтың озық үлгісін көрсетеді. Өкінбеу ұғымын «озушылар» ары қарай тарқатып айтсақ, хабарды естіртушілерге өршіл рух танытып өзінің еш өкінбейтіндігін және елінің уайымға салынбауын ойлайды. Бізге жеткен осы толғаудың түйіні былай деп қорытындыланады.

Оларға айтарыңыз сол болсын:

Жәмшіден қос айтып,

Жараға мамық тосатып,

Келе жата дегейміз.

Ол айтқанға тимесе,

Бұрынғылар түскен жүрі жол

Бұрылып оңға түсті дегейсіз [8, 27].

Халықтың тілегін арқалаған жыраудың бойындағы асыл арман елдің амандығы мен тыныштығы. Тыныш елді уайым сарсаңға салғысы келмеді. Сағыныштан халықтың күйзелгенін қаламады. Өмірімен қоштасып бара жатқанын білсе де жырау өкінбеді. Өкініш деген ұғымды ұмытты. Бұрынғылар түскен жол өзіне дейінгі ата-бабаларының аттанған, оралмас жолы. Өлімді жеткізсе де өкінішін білдіртпей «бұрынғылар», – деп көрсету жырауларға тән ерекшелік.

Нәтижелер. Доспамбет жырау поэзиясындағы өкінішсіз тілек пен аңсау, сағыныш ұғымдары шығармашылығының әр бөлігінен аңғарылады. Нәтижесінде жырау танымындағы басты құндылық – өкінішсіз өмірге деген сағынышы мен экзистенциялық мәні. Экзистенциялық ұғымның негізгі өкілдерінің бірі – Виктор Франкл. Ол өмірдегі қиыншылыққа шыдай алмаған адамдардың басты қасіреті өз өмірінің мәні мен мағынасын жоғалып алуында делінген. В. Франкл сонымен өмір мәнін жоғалтуды «экзистенциялық вакуум» деген ұғыммен түсіндіреді [10]. Ал, Доспамбет жырау өмірдің мәнін жете түсінді. Ең алдымен ерлік ете жүріп, елге қызмет ету жыраудың басты ұраны болды. Майдан даласында жаралы болып, жанынан айырылып бара жатса да өмірдің мәні мен мазмұнын түсініп кетті. Доспамбет қысқа ғұмырында өмірінің мәні мен мазмұнын өз толғауларында бүкпесіз айтты. Көне түркі әдебиетінен бастау алатын жыраулар әдебиеті де мәңгілік сарынға байланған. Доспамбет сынды жыраулардың өмір мәнін түсінуінің өзегінде мәңгілік өшпейтін, жалғаса беретін жауынгерлік рух жатыр. Ол рух елдікке апаратын Мәңгілік ел идеясымен де сабақтасады [11].

Әлем жаралғаннан бері өмір сүру хақында ұрыстар тоқтаған емес. Күштілердің басым, әлсіздердің жеңіліс табатыны белгілі [12, 102]. Дегенмен, адам баласының басты жетістігі ұрыста жеңілгені емес, өмір мәнін ақиқат жолымен түсінгенінде.

Өткенге сағыныш Доспамбет жыраудың өн бойынан көрінуі де толғаудың ерекшелігі мен өзгеге ұқсамайтын даралығына айналады. Доспамбет жырау өзі өмір сүріп отырған кезең мен өткенді сабақтастыруда өзіндік ой бағамдарын шығармашылығы арқылы көрсете алған. Толғаудағы асқақтық пен ұлтшылдықтың өзі өткенге деген өкінішсіз тұлғаның образын жасайды. Өмірдегі болып жатқан құбылыстарды асқақтық тұрасында толғап, күйбең тіршілікті көрсетуден қарағанда, ерлікпен өткен ғұмырды толғауларының негізгі арқауы етеді. Өршілдік пен еркіндікті, асқақтық пен елдікті тізбектей баяндап, қазақтың қай кезде бақытты да баянды ғұмыр кешетінін толғаумен жеткізген.

Доспамбеттен бұрын және одан кейінгі кезеңдерде өмір сүрген жыраулардың поэзиясында да сол үндестік сақталған. Жыраулар көшін жалғастырушы Махамбеттің туындыларында да Доспамбет жырлаған тақырыптардың жалғасын көре аламыз. Елге деген махаббат, өткенге деген сағыныш Махамбеттің де әр толғауында сайрап жатыр.

Өзінің көз алдында өтіп жатқан өмірді шынайы түрде қаз қалпында жеткізген. Жыраулар шығармашылығын зерттеуші, ғалымдар Доспамбет поэзиясының мән-жайы тұрасында өзекті ойлар айтқан. Доспамбет поэзиясындағы аңсау мен өкінбеу ұғымы жіті зерттеле қойған жоқ. Осы аталмыш екі ұғым Доспамбет поэзиясының басты тақырыбы іспетті. Нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасадық.

- Аңсау – Доспамбет поэзиясының басты тақырыптарының бірі;
- Өкінбеу – Доспамбеттің өткеніне өкінішсіз екенінен хабар беруі;
- Аңсау – Халықтың бай-қуатты, мамыражай кезіне сағыныш;
- Өкінбеу – Қандай қиындық көрсе де өткенге деген өкінішсіз көзқарас.

Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақ Жайық», «Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенің» «Озушылар, озмаңыз», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар» сынды бізге жеткен толғауларының барлығында аңсау мен өкінбеу ұғымдары ішкі мазмұнда көрініс береді.

Қорытынды. Жыраулар поэзиясындағы экзистенциялық мән жыраулық өнердің синкреттілігі арқылы көрініс береді. Жырау – кеңесші, жауынгер, болжаушы, хан мен халық арасын байланыстырушы, әскербасы, жігерлендіруші сынды қасиеттерді бір бойына жинай білді. Осы қасиеттер жыраулардың экзистенциялық тұрғыда өмір мәнін дұрыс түсіне алуына бағыт бола алды. Өмір мәнін түсінуде әр жырау өз іс-әрекеттері арқылы тарихта қалды. Экзистенциялық мән: Қазтуған жырауда жауынгерлік пен туған жері Еділге деген сағынышы арқылы көрініс тапса, Асан Қайғыда болжаушы, ескертуші қасиеттері арқылы байқалды. Ал, Бұқар жырау Абылай ханға кеңес бере отырып, елін бірлікке шақырды.

Біздің зерттеуіміздің басты тақырыбы етіп алынған Доспамбет жырау да халықтың арман-тілегін толғауға айналдырып, халықтың ақ үмітін ақтай білген. Еліне – бағдар, майданда – жорық жыршысына айналған. Толғауда рух пен жігер, асқақтық пен өршіл рух бірден көрінеді. Толғаудағы аңсау мен өкінбеу концептілерінің арғы бастаулары фольклор және мифтік сипатпен сабақтасып жатыр. Доспамбет толғауларындағы негізгі мән мен құндылықтың тәркіні де аңсау, сағыныш және өкінішсіз ғұмырмен сабақтасқан. Ол жыраудың экзистенциялық ұғым тұрғысынан алғанда өмірді саналы ой еркіндігімен сүре білгендігінде. Осы үндестік Махамбет поэзиясына арқау болған. Махамбет, өзінен бұрын өмір сүрген Доспамбет жыраудың аңсаған арманын жадында сақтай отырып, ұрпақты ата дәстүрден ажырап қалмауға шақырған.

Доспамбет поэзиясын зерделей отырып, тәуелсіз ойлай алатын жауынгерлік сипаттардың барлығы бір арнаға топтастырылған тұлғаның кескін-келбеті көре аламыз. Аңсау арқылы халықтың берекесі мен тірлігі үндескен кезді сағынышпен еске алып, жаны алқымға тірелсе де елдің ертеңі мен бүгіні үшін қызмет атқарғанын ойлап, өзінің жан қуатына еркіндік сыйлайды. Жырау үшін өмірдің негізгі мәні де, мазмұны да Отанға деген мәңгілік сүйіспеншілікпен сабақтасты.

Әдебиеттер

1. Сартр Ж.П. Экзистенциализм – это гуманизм /Сумерки богов. М.: Республика, 1990. – С. 319–345.
2. Жарықбаев Қ.Б, Сангилбаев О.С. /Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV–XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын жыраулары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 192 б.
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: в 4-х т. М.: Прогресс, 1994. Т. 4. 864 с.
5. Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н. Ю. Шведовой. –М.: Рус. яз., 1989. 922 с.
6. Черных П. Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка: в 2-х т. – М.: Рус. яз., 1999. Т. 2. 560 с.
7. Хайдеггер М. Время и бытие: статьи и выступления /пер. с нем. В. В. Бибихина. –М.: Республика, 1993. 447 с.
8. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
9. Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.). – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.

10. Франкл В. Человек в поисках смысла. Сборник: Пер. с англ. и нем. /Общ.ред. Л.Я. Гозмана и Д.А. Леонтьева. – М.: Прогресс, 1990. – 368 с.

11. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled,2020, 12(4), pp. 1–11 DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>

12. Алимбаев А.Е. Ежелгі жыр-дастандардағы ерлік пен қаһармандық // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №3. – 2023. – Б. 102-11

Д.С. ЖАЛЕЛОВ, А.Д. АЛТАЙ

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЙ СМЫСЛ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ (ТОЛГАУ) ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается проявление экзистенциального смысла в произведениях Доспамбета. Творчество Жырау охватывает мысли о смысле жизни, тоске и периодичности его действий без сожалений о прошлом. Понятия тоски, отсутствия сожаления, часто встречающиеся в его трудах, описывают образ личности Жырау. Основная тема произведений Доспамбет Жырау, проведшего большую часть своей короткой жизни в военных походах, сосредоточена на героизме и государственности страны. Он смог показать свою импровизационную силу, ведя ожесточенные сражения на поле боя. Суть произведений Доспамбета, поэтическая сила которого сочетается с героическим характером, – это встречать трудности без сожалений и колебаний. Смелость, борьба на пути к государственности, тоска по стране, тоска по прошлому – особенности жизни Доспамбет. Он отважный герой, который смог выполнить возложенную на него миссию.

В ходе написания статьи использовались методы литературного анализа и сравнения, поэтического анализа. В результате были определены основной смысл и содержание произведений Доспамбета. Анализ проводился методом сопоставления основной идеи и сути произведений Доспамбет жырау, внутренней гармонии с произведениями других жырау. Широко обсуждается то, как понятия «тоска» и «не сожаление» отражаются в других областях науки и их место в казахской концепции познания. Широко рассмотрены аспекты синкретизма движений Доспамбет жырау. Выделены основные ключевые слова и мысли в творчестве Доспамбет жырау и предложены научные концепции. Приводятся примеры из размышлений Доспамбета об особенностях личности жырау. Мнения ученых и исследователей по теме были учтены в ходе научно-исследовательской работы.

Ключевые слова: Доспамбет жырау, тоска, отсутствие сожалений, труд, существование, синкретизм.

D.S. ZHALELOV, A.D. ALTAI

Eurasian national university named after L.N. Gumilyov Astana, Kazakhstan

EXISTENTIAL MEANING IN THE WORKS (TOLGAU) OF DOSPAMBET ZHYRAU

Annotation. This article delves comprehensively into the expression of existential meaning within the body of works by Dospambet Zhyrau. Zhyrau's creative endeavors explore profound reflections on the essence of life, yearning, and the frequency of his actions, free from regrets about the past. Themes of melancholy and a lack of regret, recurring in his works, vividly portray the persona of Zhyrau. Despite spending much of his brief life in military campaigns, Zhyrau's primary focus is on the heroism and statehood of the country, as demonstrated through his improvisational strength on the battlefield. The essence of Dospambet's works, where poetic prowess aligns with a heroic character, lies in facing challenges without hesitation or regret. Courage, the struggle for statehood,

yearning for the country, and a sense of longing for the past encapsulate Dospambet's life. His bravery is evident in successfully fulfilling the missions assigned to him. The article employs literary analysis, comparison, and poetic analysis to discern the core meaning and content of Dospambet's works. Additionally, it explores the syncretism of Dospambet Zhyrau's movements and discusses how concepts like «melancholy» and «non-regret» intersect with other fields of knowledge in the Kazakh context.

The analysis extends to a comparison of the main ideas and essence of Dospambet Zhyrau's works, considering their internal harmony with the works of other zhyrau. The text also delves into the reflections of «melancholy» and «non-regret» in various scientific realms and their place in the Kazakh concept of knowledge. Aspects of the syncretism of Dospambet Zhyrau's movements are thoroughly examined, and the article highlights key keywords and thoughts in his works, proposing relevant scientific concepts. Dospambet's thoughts on Zhyrau's personality traits are illustrated with examples. Throughout the research, the opinions of scholars and researchers on the topic have been thoughtfully incorporated.

Keywords: Dospambet Zhyrau, melancholy, lack of regrets, work, existence, syncretism.

References

1. Sartr J.-P. Ekzistencializm – eto gumanizm / Sumerki bogov. M.: Respublika, 1990. — S. 319–345.
2. Zharykbayev Q.B, Sangilbayev O.S. (2006). Jantaný ataýlarynyń túsindirme sózdigi [Explanatory Dictionary of Psychology terms]. Almaty [in Kazakh].
3. Maǵaýın M. (2003). Qobyz saryny. XV-XVIII ǵasyrlarda jasaǵan qazaq aqyn jyraýlary [The sound of Kobyz. Kazakh poet zhyrau lived in the XV-XVIII century]. Almaty [in Kazakh].
4. Dal' V. I. (1994). Tolkovyy slovar' zhivogo velikoruskogo yazyka: v 4-h t. [Explanatory dictionary of the living Great Russian language: in 4 volumes]. Progress [in Russian].
5. Ozhegov S. I. (1989). Slovar' russkogo yazyka. [Explanatory dictionary of the living Great Russian Dictionary]. Moskva [in Russian].
6. Chernyh P. YA. (1999). Istoriko-etimologicheskij slovar' sovremennogo russkogo yazyka [Historical and etymological dictionary of the modern Russian language]. Moskva [in Russian].
7. Hajdegger M. (1993). Vremya i bytie: stat'i i vystupleniya [Time and mode of life: articles and speeches]. Moskva [in Russian].
8. Poetry of seven centuries. - Almaty: Zhazushy, 2008. - 400 p. [in Kazakh].
9. Áltai A. (2013) Aqyn-jyraýlar poeziasy (XV-XVIII ǵǵ.) [Poetry of poets and zhyrau (XV-XVIII century)]. Astana [in Kazakh].
10. Frankl V. Chelovek v poiskah smysla. Sbornik: Per. s angl. i nem. / Obş.red. L.İa. Gozmana i D.A. Leonteva. – M.: Progres, 1990. – 368
11. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled,2020, 12(4), pp. 1–11 DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>
12. Alimbaev A.E. Ejelgi jyr-dastandardaǵy erlik pen qaharmandyq // Eurazia gumanitarlyq institutynyń Habarşysy. №3. – 2023. – B. 102-114

Авторлар туралы мәлімет:

Жалелов Дәулет Серікұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Жалелов Даулет Серікулы – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhalelov Daulet Serikuly – Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Алтай Аманжол Дүйсенбайұлы – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Altai Amanzhol Duisenbaiuly – Doctor of Philology, Professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.